

Шет ел валютасына көрсетілген қызмет үшін алынған валюта түсімінің бір бөлігін сату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 4 мамыр 1993 ж. N 351. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен. ~P020331

"1993 жылы Қазақстан Республикасының валюта қорларын қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 21 қаңтардағы қаулысын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Республика аумағында шет ел валютасына бөлшек сауданы және қызмет көрсетуді ұйымдастыру туралы" 1991 жылғы 5 қарашадағы N 670 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Меншік нысандарына қарамастан республиканың аумағында тіркелген жеке адамдар мен заңды ұйымдар Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған қаулысына сәйкес шет ел валютасына көрсеткен қызметтері үшін алған валюта қаржысының бір бөлігін міндетті түрде сатады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі